

## Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 ақпан N 211. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.11.01. N 1388 қаулысымен. ~P011388

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке кіруі туралы Дүниежүзілік сауда ұйымы Бас директорының атына Қазақстан Республикасының Үкіметінің атынан өтініш әзірлесін және берсін.

2. Дүниежүзілік сауда ұйымының мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже (қоса беріліп отыр);

қосымшаға сәйкес Дүниежүзілік сауда ұйымының мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы бекітілсін.

3. Ведомствоаралық комиссия мұдделі министрліктерді, мемлекеттік комитеттерді және басқа орталық атқарушы органдарды тарта отырып Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі үшін қажетті барлық құжаттарды әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылдың 1 наурызына дейін Дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстан Республикасының мүшелік жарнасын енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының мұдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және басқа орталық атқарушы органдарымен бірлесіп сыртқы сауданың заң негіздері мен тәртібін Дүниежүзілік сауда ұйымының принциптері мен келісімдеріне сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін. <\*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.13. N 35

қаулысымен. P010035\_

5-1. Министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасының

Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жөніндегі барлық мәселелерді, өтініштерді және ұсыныстарды Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиямен келіссін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1998.09.16. N 910  
қаулысымен.

P980910\_

6. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 11  
қаңтардағы N 9 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 19 ақпандағы  
N 211 қаулысына  
қосымша

<\*>

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.09.16. N 910 қаулысымен.

P980910\_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҮ-нің 1999.04.22. N 453 қаулысымен.

P990453\_

ЕСКЕРТУ. Құрам жаңа редакцияда - ҚРҮ-нің 1999.12.29. N 2015  
қаулысымен.

P992015\_

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.01.13. N 35  
қаулысымен.

P010035\_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.19. N 520  
қаулысымен.

P010520\_

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымының  
мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының  
**ҚҰРАМЫ**

Жандосов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
Ораз Әлиұлы орынбасары, төраға

Құлекеев - Қазақстан Республикасының Экономика және  
Жақсылық Әбдірахметұлы сауда министрі, төрағаның орынбасары

Әбіқаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер  
Нұртай Әбіқайұлы бірінші вице-министрі

Досаев - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі  
Ерболат Асқарбекұлы

Зверьков - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуни.  
Вадим Павлович кациялар вице-министрі

Кәкімжанов - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс  
Зейнолла Халидоллаұлы министрі

Келімбетов - Қазақстан Республикасының Стратегиялық  
Қайрат Нематұлы жоспарлау жөніндегі агенттігінің төрағасы  
(келісім бойынша)

Құзытбаева - Қазақстан Республикасының Әділет  
Ажар Қылымбекқызы вице-министрі

Марченко - Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің  
Григорий Александрович төрағасы (келісім бойынша)

Мусина - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы  
Лилия Сәкенқызы вице-министрі

Имашев - Қазақстан Республикасының Табиғи  
Берік Мәжитұлы монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау

және шағын бизнесті қолдау жөніндегі  
агенттігінің төрағасы

<\*>

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 19 ақпандығы  
N 221 қаулысымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) мәселелері  
жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы  
**ЕРЕЖЕ**

1. Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) (бұдан әрі - Комиссия деп аталады) мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстар тетігіне және Қазақстан Республикасының заңдарына, олардың ДСҰ принциптері мен ережелеріне сәйкес келуі мақсатында шаралар әзірлеу, қажетті өзгертулер мен нақтылаулар енгізу туралы ұсыныстар дайындау, ДСҰ шеңберіндегі көпжақты сауда келіссөздерінің қорытындылары есепке алынып Қазақстан Республикасының Ұлттық мұдделерін қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қабылдау болып табылады.

2. Комиссия:

Қазақстанның ДСҰ-дағы келіссөз позициясына Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуының түрлері, кезеңдері мен шарттарын қоса алғанда экономикалық саясаттың нақты мәселелері бойынша, сондай-ақ көпжақты сауда келіссөздерінің барысында жасалған және ДСҰ қамқорлығымен күшіне енген келісімдерге ұсыныстар дайындаиды;

Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы туралы келіссөзге әзірлікті қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметі жөніндегі нормативтік заңдылық актілеріне, олардың ДСҰ-ның принциптері мен ережелеріне сәйкестігін айқындау мақсатында сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;

ДСҰ шеңберіндегі көпжақты сауда келіссөздерінде Қазақстан позициясы бойынша ұсыныстар дайындаиды және осы келіссөздерге Қазақстанның

қатысуын қамтамасыз етеді;

мұдделі атқарушы өкімет органдарының ДСҰ қызметінің негізгі бағыттары жөнінде ақпараттар алудына, ДСҰ қызметінің мәселелері жөнінде симпозиумдар, конференциялар үйымдастыруға және өткізуге, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдар әзірлеуге, сондай-ақ кадрлар даярлауға көмектеседі;

ДСҰ хатшылығына белгіленген тәртіппен Қазақстанның нормативтік актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономика және сыртқы экономикалық байланыстары жөнінде статистикалық және басқа ақпараттық материалдарын жібереді.

3. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген міндеттерді орындау үшін Комиссия:

ДСҰ қызметіне Қазақстанның қатысуына байланысты мәселелерді шешу үшін проблемаларды талдауға және ұсыныстар жасауға ғылыми мекемелерді, сондай-ақ отандық және шетелдік сарапшыларды тартады;

өз қызметінің негізгі бағыттары бойынша тиісті салада маманданған ғылыми және тәжірибелі адамдар қатысуы мүмкін жұмыс топтарын құрады. Жұмыс тобының құрамын және оның жетекшісін Комиссия төрағасы немесе оның орынбасары бекітеді.

4. Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комиссия жиналысы әр айдың соңғы бейсенбісінде өткізіледі, сондай-ақ олар қажетіне қарай Комиссия төрағасының шешімі бойынша, ал ол болмағанда Комиссия төрағасы орынбасарының шешімі бойынша өткізілуі мүмкін. Егер оған мүшелердің жартысынан көбі қатысса комиссия жиналысы күші бар деп саналады. <\*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қажет болатын мәселелер бойынша комиссия тиісті ұсыныстар енгізеді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1999.04.22. N 453 қаулысымен.

P990453\_

6. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің бір құрылымдық бөлімшесі Комиссия қызметін қамтамасыз ететін жұмысшы орган болып табылады.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.09.16. N 910 қаулысымен.

P980910\_

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - КР Үкіметінің 2001.01.13. N 35  
қаулысымен.

P010035\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК